

"Қазақстан халқына" қоғамдық қоры түріндегі коммерциялық емес ұйымға " Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының таза кірісінің кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 наурыздағы № 273 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 591 қаулысы

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан халқына" қоғамдық қоры түріндегі коммерциялық емес ұйымға " Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының таза кірісінің кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 наурыздағы № 273 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан халқына" қоғамдық қоры түріндегі коммерциялық емес ұйымға "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының таза кірісінің кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөлу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қор жеке (шоғырландырылмаған) аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қоғамдық қор үшін жыл сайын қордың таза кірісінің кемінде 7 (жеті) пайызы мөлшерінде қаражат бөледі."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов